

Ырғыз ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі № 175 "Ырғыз ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 23 қазандағы № 180 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 30 қазанда № 8417 болып тіркелді

Ырғыз ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ырғыз ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі № 175 "Ырғыз ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7404 тіркелген) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ырғыз аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ырғыз ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің
міндетін уақытша атқарушы

А. Уксикбаев

Ырғыз ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 23 қазандағы
№ 180 қаулысына қосымша
Ырғыз ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 4 қыркүйектегі
№ 175 қаулысына қосымша

Ырғыз ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті	
1	Ырғыз ауылдық округі	Ырғыз ауылы	2,35
2		Ақши ауылы	1,75
3		Қалыбай ауылы	2,15
4	Аманкөл ауылдық округі	Құतिकөл ауылы	1,85
5		Аманкөл ауылы	1,75
6		Жарма ауылы	1,55

7	Қызылжар ауылдық округі	Құрылыс ауылы	1,75
8		Жаныс би ауылы	1,75
9		Шеңбертал ауылы	1,75
10	Құмтоғай ауылдық округі	Құмтоғай ауылы	1,65
11		Қарасай ауылы	1,6
12		Қарақұдық ауылы	1,65
13	Нұра ауылдық округі	Нұра ауылы	2,25
14		Белшер ауылы	2,15
15		Дүкен ауылы	2,1
16		Мамыр ауылы	2,15
17	Тәуіп ауылдық округі	Құйылыс ауылы	2,15
18	Жайсаңбай ауылдық округі	Жайсаңбай ауылы	2,15

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК